

2. Авторское право в интернете // <https://ozakone.com/grazhdanskoe-pravo/avtorskoe-pravo-v-internete.html>

3. Азаматтық кодекс Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі (өзгертулер мен толықтырулар 01.07.2017) [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_/links](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_/links)

4. Зияткерлік меншік заң қорғауында // <http://karagandy.atameken.kz/kk/news/23266-intellektualnaya-sobstvennost-pod-zashitoj>

5. Қазақстан Республикасының Әділет Министірлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің сайты // [www.intellkaz.kz](http://www.intellkaz.kz)

## СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ТҮСІНІГІ

*Батырхан Ә., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің магистранты*

Сыртқы экономикалық мәміленің құқықтық мәселесін зерттеу үшін сыртқы экономикалық мәмілеге қатысты ұлттық заңнама мен халықаралық келісімдерді салыстыру, қазақстандық кәсіпкерлер мен шетелдік серіктестері арасындағы шарттық қатынастарын кеңейту және шетел инвесторларын Қазақстан Республикасының экономикасы мен экономикалық қатынастарын дамыту үшін тарту қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі. Теориялық көзқарас бойынша сыртқы экономикалық мәмілелердің механизмдері үлкен қызығушылық туғызуда, себебі Қазақстан Республикасының доктринасында осы мәселе жөнінде арнайы заңи зерттеулер жүргізілмеген және халықаралық жеке құқық бұл мәселенің толық зерттелуін қажет етеді.

Қазақстан ұлттық заңнамасында сыртқы экономикалық мәміле жөнінде арнайы анықтама берілмеген. Сонымен қатар сыртқы экономикалық мәмілелерге таралатын халықаралық құқық нормаларын қабылдау және сыртқы экономикалық мәмілелерге қатысты халықаралық конвенциялар мен халықаралық сауда ұйымының нормаларына қосылу ұлттық заңнаманы дамыту үшін қажет. Тәжірибенің көрсетуі бойынша қазіргі кездегі нарықтың өсуі сыртқы экономикалық сатып алу-сату шарттарының қолдану аясын кеңейтті. Сол себептен сыртқы экономикалық мәмілелердің жаңа түрлері қолданыла бастады. Мысалы: лизинг, факторинг, форфейтинг және т.б. Қазіргі таңда жоғарыдағы мәміле түрлері теориялық және заңнамалық реттеу мәселелерін зерттеу қажеттігін туғызады. Сыртқы экономикалық мәмілелерге Қазақстан Республикасының кәсіпкерлері мен ТМД мемлекеттерінің серіктестері арасындағы келісім шарттары жатқызылады, ал бұрын бұл мәмілелер өз алдында тек қана ішкі мәміле ретінде қарастырылған [1].

Жоғарыда атап көрсетілгендей Қазақстан Республикасының заңдарында сыртқы экономикалық мәміленің түсінігі берілмеген, сол себептен оны нормативті және доктриналды анықтау қажет. Ерекше жағдай ретінде Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 153-б 3-т-да сыртқы экономикалық мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау мәміленің жарамсыз болып қалуына әкеледі деп көрсетілген [2]. Осыған орай Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде сыртқы экономикалық мәміленің, жалпы алғанда, нақты түсінігі анықталмаған [3, 14]. Әрине, мұндай жағдай өз алдына ішкі мәміледен сыртқы экономикалық мәмілелердің өзара құқықтық ерекшеліктерін анықтап, айыру кезінде көптеген қиыншылықтар туындатуда.

Мәмілені сыртқы экономикалық деп тану үшін шетел құқығын қолдану өте маңызды. Мысалға бұрын қолданыста болған 1991 жылғы КСРО мен Республикалардың негізгі Азаматтық заңнамасының 166-бабына сәйкес, сыртқы экономикалық мәміледен туындайтын құқықтар мен міндеттемелер тараптардың келісімімен таңдалған елдің құқығымен реттеледі деп көрсетілген болатын [4]. Дәлірек айтсақ, тараптар сыртқы экономикалық мәмілелерді реттеу кезінде тараптар шетел құқығын таңдауға және сыртқы экономикалық мәміледен туындайтын дауды тараптар шетелдік арбитраждың қарауына беруге құқығы бар.

Қатысушылардың арасында қолданылатын құқық туралы келісім болмаған жағдайда, қатысушылар коллизиялық норманы таңдауға мүмкіндігі бар және осы мәселе сыртқы экономикалық мәмілені анықтау үшін қажет. Егер келісімде өзгеше көрсетілмесе осы Негізгі заңның 165-бабының 2-тармағында тараптардың мәмілеге қатысты туындайтын құқықтары мен міндеттері мәміле жасаған жердің құқығы бойынша анықталады. Негізгі заңның 166-бабында көрсетілген жағдайлар, тек қана сыртқы экономикалық мәмілелерге қатысты қолданылған.

Мәміленің сыртқы экономикалық деп танылуы қатысушы тараптарға шетел мемлекетінің құқығымен қоса, халықаралық конвенциялардың нормаларын қолдануға мүмкіндік береді. Ал,

иерархиясына келетін болсақ, халықаралық конвенциялардың нормалары ұлттық заңнаманың нормаларынан жоғары тұруы мүмкін. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-бөліміне сәйкес, «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады» [5].

Қазақстандық заң әдебиеттерінде бұл мәселе аз зерттелген, ал Ресейдің заң әдебиеттерінде сыртқы экономикалық мәмілені анықтаудың жолдары мен дифинициялары бар, мысалға, «сыртқы сауда мәмілесі», «халықаралық сауда шарты», «халықаралық сауда келісім-шарты», «халықаралық сауда мәмілелері», «сыртқы экономикалық шарт» және «сыртқы экономикалық операциялар» деген ұғымдар заңдармен реттелген.

Бұл жерден біз «мәміле», «шарт», «келісім-шарт» және «операциялар» деген терминдердің қолданылғанын көріп тұрмыз және осы операциялардың халықаралық сауда, сыртқы сауда, сыртқы экономикалық қызметтегі қолдану аясы көрсетілген. Осыған байланысты сыртқы экономикалық мәмілені шарт, контракті және операция арасындағы арақатынасының түсінігін салыстыру қажет.

Мәміленің «шарт» пен «келісім-шарт» арасындағы арақатынасын қарастыра отырып, біз мәміленің түсінігі шарт пен келісім-шартқа қарағанда кең екенін көреміз. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 147-бабына сәйкес, мәміле деп азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері жатады деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде (153-бабының 3-бөлімі) және Ресей Федерациясының Азаматтық Кодексінде (162-бабының 3-бөлімі) «сыртқы экономикалық мәміле» деген термин енгізілген.

Жоғарыда көрсетілгендей, Ресейдің құқықтық доктриналарында «сыртқы сауда мәмілесі» мен «сыртқы экономикалық мәміле» деген түсініктер бөлінбеген. Л.А.Лунц пен М.М.Богуславский сыртқы сауда мәмілелеріне қатысушылардың кем дегенде біреуі шетел азаматы немесе шетелдік заңды тұлға болып табылатын және тауарды шетелге шығару, тауарды шетелден кіргізу операцияларын жатқызған болса [6, 56], ғалым О.Н.Садиков сыртқы сауда мәмілесінің екі белгісін атап көрсетеді: біріншіден, қатысушылардың біреуі шетел азаматы болу керек; екіншіден, мәміленің пәні сыртқы сауда операциялары болып табылады. «Сыртқы сауда мәмілелерінде тараптар әртүрлі мемлекеттердің аумағында болуы тиіс, ал контрагенттердің ұлтының әртүрлілігі біліктілік үшін мәнді жағдай болып табылмайды», деп жазады [7, 62].

В.А. Мусин мұндай мәмілелерге азаматтық құқықтар мен міндеттемелердің пайда болуына, өзгерілуіне және тоқтатылуына әкеп соқтыратын шетел азаматтарымен коммерциялық мақсатта жасалған халықаралық сауда мәмілелерін жатқызады [8, 15].

Шмиттгофф сыртқы сауда мәмілелеріне тауарды экспорттауға байланысты немесе бір мемлекеттен басқа мемлекетке қызмет көрсету үшін жасалатын халықаралық мәмілелерді жатқызады. Шмиттгофф сыртқы сауда мәмілелерін екі түрге бөледі:

- 1) халықаралық сатып алу-сату шартына негізделген мәмілелер;
- 2) шетелде қызмет көрсетуге пәні болып табылатын мәмілелер, мысалы: басқа мемлекетте объектілерді салу [9, 45].

Шетелдердің көпшілігінде халықаралық жеке құқық пен сыртқы экономикалық мәмілелерге байланысты арнайы заңдар қабылданған, мысалға, Қытай Халық Республикасының 1985ж Халықаралық шаруашылық шарты туралы заңы; Халықаралық жеке құқық туралы заңы Турцияда (1985ж), Австрияда (1978ж); Румынияда (1992ж), Швейцарияда (1987ж), Польшада (1965ж) және т.б. Қытай Халық Республикасының Халықаралық шаруашылық шарты туралы заң төмендегідей мәселелерді қарастырды: шартты бекіту, шартты орындау, орындамағаны үшін жауапкершілік, дауларды қарастыру тәртібі және т.б [10, 87]. Біздің заңнамада сыртқы экономикалық мәмілелерге байланысты осындай заңды қабылдау қолайсыз болар еді, себебі осы заң азаматтық құқықтың жалпы нормаларын қайталауы мүмкін. Біздің ойымызша, азаматтық заңнамада немесе халықаралық жеке құқықтың заңдарында сыртқы экономикалық мәміленің құқықтық ерекшеліктерін бекіту және осы мәмілелердің ерекше белгілерін реттеу өте қолайлы болар еді.

Батыс Еуропа елдерінде сыртқы экономикалық мәмілелерінен туындаған проблемаларды әр түрлі халықаралық конвенцияларға қосылу арқылы шешеді. Мысалы 1980ж Халықаралық сату-сатып алу шарты туралы Конвенциясы, 1980ж Халықаралық қаржы лизингі туралы БҰҰ Конвенциясы және т.б. Осы конвенциялар сыртқы экономикалық мәмілелерінің ерекше белгісі ретінде тараптардың коммерциялық мекемелері әртүрлі жерде орналасуын қарастырады.

1980 жылғы Халықаралық Тауарларды сатып алу-сату туралы БҰҰ-ның Конвенциясына мүше мемлекеттер Конвенцияның нормаларымен бірге ұлттың құқықтық нормаларын қолдануға

мүмкіндіктері бар, себебі Конвенцияны бекіту кезінде көптеген мемлекеттер өздеріне қолайлы Конвенцияның ережелерін қолдану туралы мәміледе арнайы сілтеме жасайды

1980 ж Халықаралық Тауарларды сатып алу-сату туралы БҰҰ Конвенциясының 1-бабына сәйкес, осы конвенция ережелері тараптардың коммерциялық мекемелері әртүрлі мемлекеттерде орналасқанда қолданылады:

1) егер осы мемлекеттер Келісуші мемлекеттер болса;

2) егер халықаралық жеке құқықтың нормаларына сай Келісуші мемлекеттің құқығын қолдану туралы көрсетілсе [11, 204].

Қазіргі таңда мәміле жөнінде азаматтық құқық доктринасына осы Конвенцияның нормалары әсер тигізіп жатқанын айтып кету қажет. Мысалға: И.С.Зыкина мен О.И.Дегтяреваның ғылыми жұмыстарында сыртқы экономикалық мәміленің анықтамасы 1980ж БҰҰ Вена Конвенциясының негізгі қағидаларына сәйкес жазылған [12, 71], Осы Конвенцияның қағидалары 1988 ж БҰҰ Халықаралық қаржы арендасы (лизингі) мен Халықаралық қаржы өкілдігі (факторингі) туралы Конвенцияларына да қатысты қолданылған. Осыған байланысты тараптардың коммерциялық мекемелері әртүрлі мемлекетте орналасуы туралы қағидасы сыртқы экономикалық шарттың ерекше белгісі ретінде басқа да шарт түрлеріне қатысты қолданылады [9; 72].

Шынына келетін болсақ шетел мемлекеттерінің компанияларына бұл қағиданы сақтау үлкен қиыншылық туғызады, себебі компаниялардың жарғысы бір мемлекетте тіркелген болса, оның басқармасы басқа жерде орналасса, ал өзінің коммерциялық қызметін басқа бірнеше мемлекеттерде жүзеге асыруы мүмкін. Осындай белгілер, тек қана шетел мемлекеттеріне ғана емес, сонымен бірге ТМД елдерінің коммерциялық фирмаларына тән.

Сыртқы экономикалық шарттарды мемлекеттің ішкі құқығымен анықтау кезінде Конвенциядағы коммерциялық мекеме деп берілген ұғым Қазақстанның заңнамасында өзгеше екенін ескеру қажет. 1980 жылғы Конвенцияда арнайы операцияларды жүзеге асыратын тұрақты жер коммерциялық мекеме деп көрсетілген, ал Қазақстанның заңнамасында коммерциялық мекеме деген ұғым жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде коммерциялық мекеме орны коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың түрлері берілген. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 34-бабына сәйкес, өзінің қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс келтіруді көздейтін ұйым коммерциялық ұйым болып, ал мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алған таза табысын қатысушыларына үлестіретін ұйым коммерциялық емес ұйым болып табылады деп көрсетілген.

Осы жерге қосып айтатын болсақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіпкерлік қызметті немесе арнайы операцияларды жүзеге асыратын тұрақты жер деген ұғым берілмеген. Оның орнына қазақстанның заңнамасында заңды тұлғаның тұрған жері деген ұғым қолданылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 39-бабының 1-бөліміне сәйкес, заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер оның тұрған жері болып саналады деп көрсетілген. Контрагенттің (заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның) құқықтық статусы контрагент құрылған жердің немесе азаматтық кәсіпкерлік қызметі тіркелген елдің заңнамасы бойынша анықталады.

Мәмілені сыртқы экономикалық мәміле категориясына жатқызу үшін осы мәміле түрінің құқықтық ерекшеліктерімен санасу қажет. Өзінің белгісі бойынша, сонымен қатар, мазмұны мен пәні (тауарларды сатып алу - сату, қызмет көрсету және т.б) бойынша сыртқы экономикалық мәміле ішкі мәмілеге қарағанда күрделі. Себебі осындай мәмілелердің тараптары әртүрлі мемлекеттердің контрагенттері ретінде қарастырылады және ішкі мәмілеге қарағанда сыртқы экономикалық мәмілелердің тараптары осы мәмілені орындау үшін қосымша әрекеттерді талап етеді. Мысалы, экспорттық немесе импорттық лицензияларды алу, осындай мәмілелерді өкілетті органдарда тіркеу, кеден баждарын төлеу, одан да күрделі коммерциялық төлемдерді жүзеге асыру, FOB, CIF бойынша тауарларды сатып алу-сатудың базистік талаптарын қолдану және т.б. Осындай мәмілені жасағанда тараптар отырған мәміленің нақты түрін және одан шығатын құқықтар мен міндеттемелерді, сонымен қатар осы мәміленің құқықтық режимінің ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

Сыртқы экономикалық мәміленің құқықтық ерекшеліктеріне тән келесідей негізгі белгілерді бөліп көрсетуге болады: 1) сыртқы экономикалық мәмілені жасасудың ерекшеліктері; 2) мәмілелерді реттеудің мемлекеттік емес нысандарын қолдану; 3) шетел құқығын қолдану мүмкіндігі; 4) сыртқы экономикалық мәміле бойынша пайда болған дауларды халықаралық арбитраждың қарауына беру мүмкіндігі.

Сонымен, сыртқы экономикалық мәмілелер түсінігі туралы теориялық тұжырымдарды талдай келе, сыртқы экономикалық мәміле бұл бір немесе екі, не одан да көп контрагенттер арасындағы,

олардың басты қызмет орны әр түрлі мемлекеттерде орналасқан және тауарды экспорттауға және импорттауға арналған өтеулі шарттар деген ұғым қалыптасады.

Тараптар сыртқы экономикалық мәмілелерді реттеу кезінде шетел құқығын таңдауға және сыртқы экономикалық мәміледен туындайтын дауды шетелдік арбитраждың қарауына беруге құқығы бар. Қатысушылардың арасында қолданылатын құқық туралы келісім болмаған жағдайда, қатысушылар коллизиялық норманы таңдауға мүмкіндігі бар және осы мәселе сыртқы экономикалық мәмілені анықтау үшін қажет.

Сыртқы экономикалық мәмілелерді жасасу ерекшеліктері, сыртқы экономикалық мәмілелерді реттеудің мемлекеттік емес нысандарын, шетел құқығын қолдану және сыртқы экономикалық дауларды халықаралық арбитраждың қарауына беру сияқты сыртқы экономикалық мәмілелердің белгілері қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында сыртқы экономикалық мәміленің анықтамасын енгізуді қажет етеді. Себебі сыртқы экономикалық мәмілелер Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қатынастарын дамытуда маңызды рөл атқарады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Ахмадиева Г.Д. Правовое регулирование внешнеэкономических контрактов в Республике Казахстан. – Алматы, 1996.- 231 с.

2 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 27 желтоқсан 1997 ж. (жалпы бөлім). // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_)

3 Басин Ю.Г. Недействительность сделок по Гражданскому Кодексу Республики Казахстан. Алматы, 2004. – 452 с.

4 Основы гражданского законодательства Союза ССР и республик от 31 мая 1991 г. // СПС «Параграф», 2017.

5 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)

6 Богуславский М.М. Международное частное право. Учебник. – М.: Международные отношения, 1994. - 342 с.

7 Садилов О.Н. Правовое регулирование отношений во внешней торговле СССР. Монография. Ч. 1. - М., 1985. – 192 с.

8 Кулагин М., Мусин В.А. Международные торговые контракты. Учебное пособие - Л.: Изд-во ЛГУ, 1986. – 152 с.

9 Шмиттгофф К. Экспорт: право и практика международной торговли. - М.: Юридическая литература, 1993. - 803 с.

10 Венская конвенция о договорах международной купли-продажи товаров: Комментарий / Авт. кол.: М.М. Богуславский, Н. Г. Вилкова, А. М. Городисский и др. – М.: Юрид. лит., 1994. - 315 с.

11 Зыкин И.С. Внешнеэкономические операции: право и практика. – М.: Международные отношения, 1994. - 304 с.

12 Дегтярева О.И. Организация и техника внешне торговых операций. – М.: Юридическая литература, 1992 - 416 с.

#### **ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВО В ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ**

*Ревазова И.В., магистрант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова*

Институт представительства можно назвать достаточно молодым по меркам мировой истории. На ранних стадиях развития человеческой культуры участники судебных разбирательств должны были самостоятельно присутствовать при судопроизводстве, и те редкие случаи представительства, зафиксированные в древних источниках, основывались лишь на близких родственных связях – что легко объясняется существовавшим на тот момент низким уровнем развития отношений имущественного характера. Кроме того, немаловажным фактором являлась общераспространенность мировоззрения, в соответствии с которым личность субъекта была неразрывно связана с его юридическими действиями, то есть деяния человека признавались именно его деяниями только в случае их совершения лично этим человеком. В результате один и тот же поступок мог квалифицироваться совершенно по-разному в зависимости от того, кто его совершил. Бесспорно,